

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ?

МАҢЫЗДЫ: егер қызметкер немесе жеке кәсіпкер жеңілдігі бар санатта болса, онда ол жарна және аударымдар төлеуден босатылады.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

ӨЗ МӘРТЕБЕҢІЗДІ АНЫҚТАҢЫЗ:

- ✓ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕҢІЗДІ EGOV ПОРТАЛЫНАН НЕМЕСЕ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНАН ТЕКСЕРЕ АЛАСЫЗ;
- ✓ ЕМХАНАДА АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ АРҚЫЛЫ;
- ✓ @SAQTANDYRYVOT ЖЕДЕЛХАТ-БОТЫ АРҚЫЛЫ;
- ✓ ЕГЕР СІЗ ЖҰМЫССЫЗ БОЛСАҢЫЗ ЖӘНЕ МӘРТЕБЕҢІЗ РАСТАЛМАҒАН БОЛСА, ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНА ТІРКЕЛУІҢІЗ ҚАЖЕТ;
- ✓ ЕГЕР СІЗ ЭКОНОМИКАНЫҢ БИРЕСМИ СЕКТОРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БОЛСАҢЫЗ, ЖЕКЕ КӘСІПКЕР РЕТІНДЕ ТІРКЕЛУІҢІЗ КЕРЕК НЕМЕСЕ БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ (БЖТ) ТӨЛЕУІҢІЗ КЕРЕК.

ЕМХАНАҒА ТІРКЕЛІҢІЗ:

- ✓ ХҚКО АРҚЫЛЫ;
- ✓ ЭЛЕКТРОНДЫ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ;
- ✓ ТҰРАҚТЫ НЕМЕСЕ УАҚЫТША ТҰРАТЫН ЖЕРІ БОЙЫНША, СОЛ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БІРЛІК (АУЫЛ, ҚАЛА, АУДАН, ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАДАҒЫ АУДАН, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛА, АСТАНА) ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЕМХАНАНЫ ТАҢДАУ;
- ✓ ТІРКЕЛГЕН ЖЕРДЕ ЖАЛПЫ ПРАКТИКА ДӘРІГЕРІН НЕМЕСЕ УЧАСКЕЛІК ДӘРІГЕРДІ ТАҢДАУҒА БОЛАДЫ.

МЕДИЦИНА ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ WWW.FMS.KZ «КЛИНИКА ТАҢДАУ» БӨЛІМІНДЕ ОРНАЛАСҚАН. ТЕК БАСТАПҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТЕТІН КЛИНИКАНЫ ТАҢДАЙСЫЗ.

2020 ЖЫЛДАН БАСТАП АЙ САЙЫН МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА АУДАРЫМДАР ЖӘНЕ / НЕМЕСЕ ЖАРНАЛАР ТӨЛЕУ:

- ✓ ЖҰМЫС БЕРУШІ – ЕҢБЕКАҚЫ ҚОРЫНАН 2%.
- ✓ ЖҰМЫСКЕР – ЕСЕПТЕЛГЕН АЙЛЫҚ ТАБЫСТАН 1%.
- ✓ ЖЕКЕ КӘСІПКЕР, ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ИЕСІ, ЖЕКЕ ПРАКТИКАМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ТҰЛҒАЛАР - ӨЗДЕРІ ҮШІН 1,4 ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫНЫҢ 5%.
- ✓ АҚК (АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕЛІСІМШАРТ) НЕГІЗІНДЕ ЕҢБЕК ЕТЕТІН ТҰЛҒА - ТАБЫСЫНАН 1%.
- ✓ ӨЗ БЕТІНШЕ ТӨЛЕУШІ – ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫНЫҢ 5%
- ✓ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР – БЖТ (БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ) ТӨЛЕУШІ:
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРДА 1 АЕК,
БАСҚА ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ҮШІН (АУДАН, АУЫЛ ЖӘНЕ Т.Б.) 0,5 АЕК.
БЖТ ТӨЛЕУШІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ТАБЫС МӨЛШЕРІ 1175 АЕК-ТЕН АСПАУЫ КЕРЕК.

(ҚР Салық кодексінің 24-бөлімі, 774-бабы)

СҰРАҚТАР, ҰСЫНЫСТАР МЕН ШАҒЫМДАРДЫ ҚАЙДА ЖОЛДАУҒА БОЛАДЫ?

- 1406** МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ
- 1414** БІРЫҢҒАЙ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ
- fms.kz** «ХАЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ» БӨЛІМІ



fundosms
osmskz



fms.kz
osmskz



fundosms



МЕДИЦИНАЛЫҚ
САҚТАНДЫРУ
ҚОРЫ

2020 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛА БАСТАЙДЫ?

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі медициналық сақтандыру жүйесіне қатысуға қарамастан, әрбір қазақстандыққа қол жетімді медициналық қызметтердің барлық негізгі түрлерін қамтиды.

ТМКК ПАКЕТІНДЕ БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІ ҚЫЗМЕТТЕР:



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ АВИАЦИЯ.



БАСТАПҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ КӨМЕК.



ШҰҒЫЛ СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕК.



ПАЛЛИАТИВТІК КӨМЕК.

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АУРУЛАР ЖӘНЕ НЕГІЗГІ 25 СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАР КЕЗІНДЕ:

- ✓ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КӨМЕК.
- ✓ АМБУЛАТОРИЯ ДЕҢГЕЙІНДЕ ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.
- ✓ СТАЦИОНАРДЫ АЛМАСТЫРАТЫН КӨМЕК.
- ✓ ЖОСПАРЛЫ СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕК.
- ✓ ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ШАЛДЫҚҚАНДАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті – ТМККК-ке енбеген медициналық қызметтердің сақтандырылған азаматтарға арналған кеңейтілген пакеті

МӘМС ПАКЕТІНДЕГІ САҚТАНДЫРЫЛҒАН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕР:

- ✓ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КӨМЕК:
 - ✓ ЕРЕСЕКТЕР МЕН БАЛАЛАРДЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ
 - ✓ БАҒАСЫ ҚЫМБАТ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР, СОНЫҢ ІШІНДЕ КТ, МРТ, ПТР, ИФТ ЖӘНЕ Т.Б. ЗЕРТХАНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР
 - ✓ ХАЛЫҚТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫ ҮШІН ЖОСПАРЛЫ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ СТОМАТОЛОГИЯ.
- ✓ ТМККК ПАКЕТІНЕ ЕНБЕГЕН СЫРҚАТТАРДЫ АМБУЛАТОРИЯ ДЕҢГЕЙІНДЕ ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.
- ✓ ТМККК ПАКЕТІНЕ КІРМЕЙТІН СЫРҚАТТАРҒА СТАЦИОНАРДЫ АЛМАСТЫРАТЫН КӨМЕК КӨРСЕТУ.
- ✓ ТМККК ПАКЕТІНЕ КІРМЕГЕН СЫРҚАТТАРҒА ЖОСПАРЛЫ СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ.
- ✓ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЕМ-ДОМ (ТУБЕРКУЛЕЗБЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАРДЫ ОҢАЛТУДЫ ҚОСПАҒАНДА).

МЕМЛЕКЕТ КІМ ҮШІН ЖАРНА ТӨЛЕЙДІ?

- ✓ БАЛАЛАР
- ✓ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН АЛУШЫЛАР, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ МҮГЕДЕКТЕРІ МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРЫ
- ✓ «АЛТЫН АЛҚА», «КҮМІС АЛҚА» АЛҚАЛАРЫМЕН НЕМЕСЕ БҰРЫН «БАТЫР АНА», I ЖӘНЕ II ДӘРЕЖЕЛІ «АНА ДАҢҚЫ» ОРДЕНДЕРІМЕН МАРАПАТТАЛҒАН КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАР
- ✓ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР
- ✓ МҮГЕДЕКТЕР
- ✓ ҮШ ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІМЕН ҮЙДЕ ОТЫРҒАН ЖҰМЫССЫЗДАР
- ✓ БАЛА ҮШ ЖАСҚА ТОЛҒАНҒА ДЕЙІН ДЕКРЕТТІК ДЕМАЛЫСТА ОТЫРҒАН АЗАМАТТАР
- ✓ МҮГЕДЕК БАЛА КҮТІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН АЗАМАТТАР
- ✓ БАЛА КЕЗІНЕН БІРІНШІ ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТИҢ КҮТІМІМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАР
- ✓ ЖҰМЫССЫЗ РЕТІНДЕ ТІРКЕЛГЕНДЕР
- ✓ КҮНДІЗГІ ОҚУ БӨЛІМІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ
- ✓ СОТ ҮКІМІ БОЙЫНША ЖАЗАСЫН ӨТЕП ЖАТҚАН АДАМДАР
- ✓ ТЕРГЕУ ИЗОЛЯТОРЫНДА ОТЫРҒАН АДАМДАР
- ✓ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН ОРАЛМАНДАР
- ✓ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН, МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУШЫЛАР.

(«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы»
Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы №
405-V Заңы)